

Е. Е. Серімов, әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры, полиция полковнигі;

В. В. Филин, әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасының доценті, полиция полковнигі (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

«БАЙҚОҢЫР» КЕШЕНІ АУМАҒЫНДА ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ ТҮЙІТКІЛДЕР

Қазіргі күні Байқоңыр қаласында тіркелген халық саны — 75 200 адам, ондағы Ресей Федерациясының азаматтары — 26 628 (35,4 %), Қазақстан Республикасының азаматтары — 46 072 (61,3 %), ТМД елдерінен — 2 500 (0,3 %). Қызмет кәрсетілетін аумақтағы Тәретам кентінде — 11 084 адам, Ақай аулында — 5 048 адам бар.

«Байқоңыр» кешені аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы ішкі істер органдарының өзара әрекеттесуінің құқықтық негізі: 1994 жылғы 28 наурыздағы «Байқоңыр» айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы Халықаралық келісім; 1994 жылғы 10-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін Жалға алу шарты; 1997 жылғы 4 қазандағы «Байқоңыр» кешені аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуі туралы Үкіметаралық келісім құрайды.

Келісімнің 4-бабының 5-бөлігінің 2 және 3 абзацтарында негізгі қағидаттар былайша кәрі-ніс тапқан: «Кешен аумағында Ресей Федерациясының азаматтарының әскери қызметтегі бөлігі мен олардың отбасылары мүшелеріне қатысты Ресей Федерациясының заңнамалары қолданылады да оларға Ресей Федерациясы органдарының құзыреттілігі жүреді».

Басқа жағдайларда Қазақстан заңнамасы нормалары қолданылып, олар үшін отандық тәл құзыретті органдар қызмет атқарады².

Сондай-ақ, Жалға алу келісімінің 6.12-бабының 4-абзацына сәйкес, — «Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық құқықтары Ленин қаласындағы (қазіргі — Байқоңыр қаласы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құзыретті органдары (сот, прокуратура) арқылы қамтамасыз етіледі...»³

Осылайша, жоғарыда келтіріліп отырған базалық құжаттарда тараптардың мемлекеттік юрисдикциялары анықталған.

Келісімнің өзара әрекеттесу туралы айғақталған 9-бабына сәйкес, «Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары мен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары Ресей Федерациясы немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясына қатысты құқық бұзушылықтар орын алған болса, ол туралы жедел түрде бірін-бірі хабардар етулері міндетті, әрі Келісім бойынша, іске қатысты материалдар мен заттай аңғақтар берілетін басқа тараптардың мемлекеттік құқық қорғау органдары әкілі келмей тұрып, кезек күттірмес тергеу әрекеттері мен өзге де әрекеттерге бармауға тиіс»⁴ Бұның өзі Байқоңыр қаласының аумағында адамдардың азаматтығын есепке ала отырып, оларға екі мемлекеттің де қылмыстық және әкімшілік заңнамалары қолданылуы мүмкін дегенді білдіреді.

Алайда, қазіргі күні «Байқоңыр» кешені аумағында тұратын қазақстандық азаматтар әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ресейлік заңнама негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылып жүр. Осы тұрғыдан ресейлік тараптар халықаралық келісім-шарттарда қолданылатын «өзара әрекеттесу» термині тек қана Ресей Федерациясының юрисдикциялық мәселелерін қамтиды деген пікірге жүгінеді.

«Байқоңыр» кешені бойынша халықаралық келісімдердің талаптарын басшылыққа алсақ, «Байқоңыр» кешеніндегі Ресей Федерациясының ІІМ Басқармасы соңғы үш жыл және 2015 жылдың 11 айы ішінде 65,3 мыңнан аса Қазақстан Республикасы азаматтары әкімшілік жауапкершілікке тартылған (2012 ж. — 19 888, 2013 ж. — 16 498, 2014 ж. — 14 681, 2015 жылғы 11 айда — 14 227), соның ішінде Ресей Федерациясының азаматтары — 9 805. Нақтылай айтсақ, 2014 жылы 14,6 мың Қазақстан Республикасының азаматының 419-ы ұсақ ұрлық бойынша; ішімдік ішкені және қоғамдық орындарда мас күйінде кәрінгені үшін — 4 021; жол жүру ережесін бұзғандар саны — 9 108, оның 210-ы кәлікті мас күйінде басқарған; полиция

қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбағандар — 11; кәсіпкерлік саладағы ере-желерді бұзғандар — 65; есірткі заттарын қолдану, сақтау бойынша — 4; ұсақ ұрлау — 1, әз-ге де құқық бұзушылықтар саны — 992 адам. 2015 жылдың 11 айында Қазақстан Республикасының 14,2 мың азаматтарының ішінде: ұсақ бұзақылық үшін — 356 адам; ішімдік ішкені мен қоғамдық орындарында мас күйінде кәрінгені үшін — 3 837; жол жүру ережесін бұзғандар — 8 677 адам, оның ішінде мас күйінде кәлік басқарғандары — 135 адам; полиция қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбағандар — 12; кәсіпкерлік саладағы ережелерді бұзғандар — 67, есірткі заттарын қолдану, сақтау бойынша — 21; ұсақ ұрлау — 3, әзге де құқық бұзушылықтар саны — 1 252 адам жауапкершілікке тартылған.

Ескерерлігі, бұл Уәкілеттік, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі мен

Байқоңыр қаласының әкімдігі бекітілген Ережеге сәйкес:

- Қазақстан Республикасының азаматтары жасаған қылмыстық істер бойынша тергеу және жедел-ізвестіру шараларын;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының тәлқұжаттық-визалық жұмыстарды;
- Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының автоматкәліктерін есепке алу, тіркеу;
- Қазақстан Республикасы азаматтары мен объектілеріне қатысты лицензиялау-рұқсат ету жұмыстары;
- қоғамдық тәртіпті қамтамсыз етуде Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарына көмек көрсету жұмыстарын жүргізеді.

Сонымен бірге «Байқоңыр» кешенінде Қазақстан Республикасының кәші-қон заңнамасын қолдану бойынша да кейбір түйіткілді тұстар бар екенін жасырмауымыз қажет.

2015 жылдың 11 айы ішінде Қазақстан Республикасы ІМ Әкілдігінің мәліметтері бойынша кешен аумағындағы Байқоңыр қаласында тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуден әтпеген, тұруға рұқсаты жоқ 25 азаматтың бар екендігін анықтаған.

Аталған азаматтардың әрекетінде Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-тің 492-бабының 4-бәлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша (азаматтығы жоқ адамның куәлігінсіз не тіркеусіз тұру) жауаптылыққа тартылатыны кәзделген.

Алайда Байқоңыр қаласының прокуратурасы «Байқоңыр» кешені аумағында әзара әрекет-тесу туралы айтылатын «қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде «Байқоңыр» кешені аумағында құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті, сондай-ақ тұрақты тұру режимін Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары қамтамасыз етеді» деген Келісімнің 4-бабының 1-бәлігіне сүйеніп, ӘҚБтК-тің көрсетілген нормасын қолдануда Қазақстан Республикасының Әкілдігінің әрекетіне шектеу қойған.

Осыған байланысты біздің әкілеттіктің мамандандырылған бәлімдері ұзартқан тұрақты тұруға рұқсат беру визасын алып қою және оны жоюмен ғана айналысуға мәжбүр.

1 Байқоңыр қаласындағы Қазақстан Республикасы ІМ Әкілеттігінің 2015 жыл бойынша аналитикалық шолуы.

2 1994 жылғы 28 наурыздағы «Байқоңыр» айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының келісімі // <http://adilet.zan.kz>

3 1994 жылғы 10-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін Жалға алу шарты» // <http://adilet.zan.kz>

4 1997 жылғы 4-қазандағы «Байқоңыр» кешені аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша құқық қорғау органдарының әзара әрекеттесуі туралы Үкіметаралық келісім // <http://adilet.zan.kz>